

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Нұр-Мұбарақ Египет Ислам мәдениеті университетінің  
6D021500 – «Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған  
Бейсенбаев Бактыбай Қыдырбаевичтің  
«Қазақстандағы ислами білім беру: тарихы, қазіргі жағдайы және даму  
келешегі» атты диссертациялық жұмысына**

**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІЦ ПІКІРІ**

Зерттеу тақырыбының өзектілігіне Ислам діні Қазақстан Республикасында таралған уақыттан бастап қазақ халқының этникалық мәдениеті мен ұлттық ерекшеліктерін қалыптастыруды маңызды рөл атқарды. Қазақ даласында Ислам діні ұлттық жаңғыру мен рухани мәдениетті сақтаудың негізгі тетіктерінің бірі болды. Қазақ халқына білім беру жүйесі негізінен мұсылман мектептері мен медреселер арқылы жүзеге асырылып, бұл жүйе ұлттық бірегейлік пен рухани мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналды.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасындағы исламдық білім беру жүйесі діни экстремизмнің таралуын болдырмау мақсатында маңызды механизм ретінде қарастырылады. Исламдық білім беру радикалды діни ағымдар мен секталарға тартылудың алдын алу шараларының бірі ретінде діни жастардың тәрбиесіне ықпал етеді, ал болашақ мамандарды заманауи талаптарды ескере отырып даярлау осы тұрғыда өзекті мәселенің бірі саналады.

Қазақстандық мұсылман қауымы діни міндеттерді либералды түрде түсіндіруімен және конфессияаралық диалогты қолдауымен ерекшеленеді. Ислами білім беру жүйесі әлеуметтік-мәдени даму мен өзгерістің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл ретте Қазақстанда діни білім беру жүйесін дамытуға арналған құқықтық негіздер жеткілікті түрде қалыптасқан деп есептейміз. Осыған сәйкес, Б.К. Бейсенбаевтің «Қазақстандағы ислами білім беру: тарихы, қазіргі жағдайы және даму келешегі» атты диссертациялық жұмысы осындай өзекті мәселені қамтитын, дер кезінде орындалып отырған зерттеу жұмысы болып есептеледі.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздеріне Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы; «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының № 483-IV Заңы; «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандығы N 31 Заңы; «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 416-І Заңы; «Дін саласындағы Салалық біліктілік шеңбері»; «Дін саласындағы қызмет» кәсіптік стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 2023 жылғы 5 қазандығы № 391-НҚ бұйрығы және т.б. нормативтік-құқықтық құжаттаттар. Соынмен қатар, зерттеу жұмысында жалпы ғылыми, теориялық, эмпирикалық және қолданбалы әдістер қолданылды, ғалымдардың ғылыми жұмыстары мен еңбектері; «Ислами білім беру» тақырыбы бойынша ғылыми еңбектертұжырымдамалар алынған.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында төмендегідей ғылыми нәтижелерді алынған:

1) Қазақ даласына ислам дінінің таралу тарихы мен кезеңдері жүйелі түрде талданды, соның нәтижесінде исламның әлеуметтік-мәдени институт ретінде қалыптасуындағы рөлі, сондай-ақ, оның жергілікті дәстүрлермен өзара ықпалдасу үдерісі мен рухани құндылықтар жүйесіне ықпалы алғаш рет кешенді түрде зерделенді.

2) Исламдық білім беру жүйесінің эволюциялық дамуы тарихи, мәдени және педагогикалық аспектілер негізінде жан-жақты зерттелді, білім мазмұны мен құрылымындағы өзгерістер ғылыми негізде сарапталып, дәстүрлі және реформалық бағыттардың өзара байланысы көрсетілді.

3) Орталық Азия мен Қазақстаннан шыққан көрнекті ислам ғұламаларының діни-агартушылық қызметі мен ғылыми мұрасына исламтанулық түрғыда талдау жасалып, олардың білім беру жүйесіне қосқан үлесі мен рухани-ғылыми дәстүрді жалғастырудың орны айқындалды.

4) Исламдық білім берудің халықаралық және отандық тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жүргізілді, бұл арқылы ислами білім беру жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері ғылыми түрғыда анықталып, тәжірибелердің тиімді бейімдеудің жолдары ұсынылды.

5) Ислами оқу орындарындағы қолданыстағы білім беру бағдарламаларына кешенді салыстырмалы талдау жүргізіліп, олардың мазмұндық тиімділігі, діни-агартушылық әлеуеті және исламтану сапасына ықпалы айқындалды.

6) Қазақстандағы медресе-колледждердегі білім беру бағдарламалары кезеңдік түрғыда сарапталып, олардың тарихи даму сатылары, құқықтық мәртебесі және қазіргі заман талаптарына бейімделу үдерістері ғылыми негізде зерделенді.

7) Исламдық білім беру жүйесінде кәсіби маманның қалыптасу моделі әзірленіп, оның мазмұны ұлттық құндылықтармен, дәстүрлі діни ілімдермен және заманауи білім беру стандарттарымен ұштастырылды.

8) Мысыр, Түркия, Малайзия, Өзбекстан және өзге де елдердегі исламдық білім беру жүйесінің озық тәжірибелері талданып, оларды Қазақстан жағдайында тиімді бейімдеудің ғылыми негіздері тұжырымдалды.

9) Исламдық білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған стратегиялық және қолданбалы сипаттағы ғылыми ұсыныстар әзірленді, бұл саладағы өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін нақты бағыттар айқындалды.

Диссертация бөлімдері мен бөлімдерінің баптары, зерттеудің міндеттері, ғылыми жаңалығы және қорғауға ұсынып отырған қағидалары бір тұтастықта орындалған. Зерттеуде алынған ғылыми нәтижелер міндеттерге толықтай сай келеді, диссертацияны орындалу барысына қарай нақтыланып ашылып жазылған. Қорғауға ұсынып отырған қағидалар қойылған міндеттерді ғылыми жаңалықтың теориялық негіздерін практикалық түрғыда бекітуімен, логикалық бір тұтастықта келтірілген. Сондықтан докторанттың қорғауға ұсынып отырған диссертациясын алға қойған мақсаты мен міндеттері орындалып, толық аяқталған, мазмұндық біртұтастығы сақталған толыққанды зерттеу жұмысы деп есептеймін.

Зерттеу нәтижелерінің талқылануы және жүзеге асырылуы Scopus және Web of Science базаларындағы журналда 2 мақала шыққан:

- Beisenbayev B., Almukhametov A., Mukhametshin R. The Dynamics of Islam in Kazakhstan from an Educational Perspective //Religions. – 2024. – Т. 15. – №. 10. – С. 1243, Процентиль – 90 (Q1).

- Beisenbayev B., Almukhametov A. The Current State and Ways of Improving Islamic Education in the Republic of Kazakhstan //Pharos Journal of Theology. – 2024. – Т. 105. – №. 3, Процентиль – 65 (Q2).

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарияланған мақалалар тізімінде 1 мақала шыққан:

- Бейсенбаев Б. Қазақстан Республикасындағы Ислам білімін жетілдірудің қазіргі жағдайы мен жолдары //Вестник КазНУ, Серия Религиоведение. – 2024. – Т. 40. – №. 4.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында:

- Бейсенбаев Б.К. Исламдық білім беру мәселеін зерттеудегі ғылыми тарихи талдау. Международный научный журнал «Journal of Science and Research (JSR)» 1 (1) сентябрь, 2023, 14-24 стр.

- Керім Ш., Бейсенбаев Б.К., Курбанов Б.О.Исламдық білім беру жүйесінің дамуы: теориялық және практикалық аспектілер. Орталық Азия және Қазақстандағы ислам тарихи дәстүр мен заманауи көзқарас» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. –Алматы, 2025 ж.

Докторант зерттеу жұмысын жүргізу барысында өзін зерттеу тақырыбы бойынша зерттеудің мақсаты мен міндеттерін нақты анықтап, зерттеу жұмыстарын жүргізуде және нәтижелерін алуда республикалық базалық-нормативтік құжаттар талаптарына сүйенген, статистикалық және тарихи-генетикалық әдіс, сауалнама және сұхбат жүргізу арқылы исламдық білім беру саласындағы мамандар мен білім алушылардың пікірлерін өндеу әдістері арқылы өндеп, оқ нәтиже алған. Докторант өзін ғылым зерттеуді жүргізуге, талдауға қабілетті зерттеуші ретінде көрсете білді.

Диссертацияны орындау барысында автордың зерттеушілік қасиеттерді меңгеруі, зерттеу әдістерін қолдануы, зерттеу жұмыстарын жүргізуі. Б.К. Бейсенбаевтің 6D021500 – «Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындауға арналған «Қазақстандағы ислами білім беру: тарихы, қазіргі жағдайы және даму келешегі» атты диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің қойған барлық талаптарын қанағаттандырады. Қорғауға ұсынуға және философия докторы (Ph.D) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Философия  
ғылымдарының  
кандидаты, «Дінтану»  
кафедрасының доценті



А.Р. Альмухаметов жауастаймын  
Подпись  
затверждаю

Мария

кадр бөлімі  
отдел кадров

Альмухаметов Алий Рауфович